«6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесіне ұсынылған Маликов Бахытжан Усеновичтың «Қазақ даласындағы болыстық билеушілер институты: қалыптасуы, қызметі, құрылымы (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы)» тақырыбында жазылған диссертациялық зерттеуіне ресми

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Ел тарихының Ресей империясы құрамындағы кезеңін, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихы тұрғысынан зерттеп, зерделеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Оның ішінде әкімшілік-территориялық басқару органдары мен билеу институттарының ролі мен функциясын, оның қазақ қоғамына тигізген артықшылығы мен кемшілігін көрсету маңызды болып табылады. Мұндай мәселелерге қызығушылық бірқатар жағдайлармен: Қазақстан республикасының қоғамдық-саяси даму қажеттіліктерімен, тақырыптың кейбір бөлігінің зерттелмеуі немесе зерттелген мәселелерде жаңа аспектілердің пайда болуымен байланысты. Қазақ даласындағы ресейлік билік жүйесінің төменгі сатыларының құрамына енген болыстық билеушілер институтын зерттеу XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезеңіндегі қазақ қоғамының әлеуметтік - мәдени өмір салтының өзгеруін, тұрмыс тіршілігін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Басқарудың төменгі жүйесіндегі тарихи оқиғалар барысы, көшпелі қазақ қоғамының жалпы империялық басқару жүйесіне енгізілу үдерісі мен көшпелі қазақ қауымының империялық әкімшілік құрылымына көшудегі бейімделу механизмін бақылауға қолайлы жағдай туғызды. Зерттеуде көшпелі қазақ қауымының орталықтың шешімдері мен әрекеттерін қаншалықты мойындап қабылдағандығын және ресейлік биліктің болыстық басқару жүйесіндегі бақылау деңгейін анықтау өте маңызды болып саналады.

Ресейлік биліктің басқару жүйесінің төменгі сатысы болып табылатын Қазақстан тарихындағы далалық болыстық билеушілер институты феноменін зерттеу арқылы XIX ғасырдың екінші жартысы –XX ғасырдың бас кезеңіндегі қазақ қоғамы мен Ресей империясының басқару жүйесіның өзара қарым қатынасындағы мәселелерді жаңа қырынан ашуға мүмкіндік беретін зерттеу деп есептейміз.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы тақырыпты дұрыс таңдау мен оның мазмұнын айқындайтын тың мәселелердің қарастырылуымен анықталады.Диссертант XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі Орынбор, Батыс-Сібір, Түркістан және Дала генерал-губернаторлығындағы балыстардың атаулары мен болыстық билеушілер

есімдерінің тізімдерін жасау арқылы жұмыстың ғылыми маңыздылығын арттыра түседі.

Сонымен қатар болыстық билеушілердің қызметтегі әлеуметтік (болыстық үйлердің салынуы, бағалы сыйлықтармен, мақтау қағаздармен, медальдармен, ордендерм,ен, әскери және азаматтық шендермен, жалақы және зейнетақы тағайындаумен) жағдайы жөніндегі тың материалдар жүйелендіріп салыстырмалы талдау жасалынған.

XIX ғасырдың екінші жартысында болыстық билеушілердің билік үшін сайлау алды таластарының нәтижесінде қазақ қоғамында бұрын кездеспеген парақорлық пен сыбайластық т.б. сияқты жаңа әлеуметтік құбылыстардың пайда болуы анықталып отыр.

Қазақ даласындағы жергілікті басқару өкілдігі ретіндегі болыс билеушілерінің тағайындалуындағы заңнамалық тетіктер мен болыстық съездердің қазақ қоғамы үшін рөлі мен орны нақтыланып көрсетілген.

Қазақ жеріндегі болыстық билеушілердің Ресей үкіметі жүргізген саясатты жүзеге асыру барысындағы бет-бейнесі жан-жақты көрсетіліп, тұрғылықты халықпен және аймақтық билеушілермен (әскери губернатор, уезд басшылары, генерал-губернатор және т.б.) өзара қарым-қатынасы және олардың қызметтерін отарлық шенеуніктердің қабылдауына талдау жасалынған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші нәтиже. Ресей империясы территориясының өзге де аймақтарындағы «Болыс» теминінің қолданылу кезеңдері мен айырмашылықтары айқындалды.

Екінші нәтиже. Батыс-Сібір, Орынбор,Түркістан және Дала генерал-губернаторларындағы XIX ғ.-XX ғ. бас кезеңіндегі болыстарды құруы мен құрылымында ерекшеліктер болды, егер Батыс-Сібір губернаторлығында болыстық институт XIX ғ. 20 жылдары басталса, қазақ даласының басқа аумақтарында басқарудың болыстық құрылымы қырық жылдан кейін орнады;

Үшінші нәтиже. XIX ғасыр ішінде болыстық билеушінің сайлану қағидасы мен қызмет атқару мерзімі өзгеріп отырды. Егер XIX ғасырдың 20 – жылдары болыстыққа міндетті түрде төре тұқымынан сұлтан ғана тағайындала алатын болса, XIX ғасырдың 60-жылдары аймақтық әімшілік сұлтандарды болыстық билеуші етіп тағайындаған жағдайда, оның Қазақ даласында орыс үкіметінің саясатын жүргізе алатын ықпалды тұлғаға айналмайтындығын түсіңіп, құрметті қазақтардың болыстық билеуші қызметіне тағайындаудың жаңа бастамалары дайындалды.

Төртінші нәтиже. Ресейлік әкімшілік басқару тәжірибесінің арқасында кейінгі кезеңдерде болыстық билеушінің қызметтік міндеттері реттеліп, қызмет атқару мерзімін белгісіз уақыттан үш жыл аралығына (1868) дейін нақтылады. Уақыт өте келе болыстық билеушілердің іс-қағаздарды жүргізу құжаттары да ретке келтірілді.

Бесінші нәтиже. Қазақ даласындағы ақындардың шығармаларындағы деректердегі болыстық билеушілердің қызметі мен сайлау үдерісіндегі кемшіліктеріне сыни талдау жасалынды.

Алтыншы нәтиже. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі болыстық билеушілердің функционалдық қызметінің атқарылуы мен қазақ халқының наразылығына реакциясы көрсетілді.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже жаңа. Ресей империясының құрамына кіретін аймақ (Сібір, Оңтүстік Орал, Қазақ даласы) территорияларында билік қолданған «болыс» терминіне жүйелі әдіспен талдау жасалынып, орыс деревнясы мен көшпелі қоғамдағы «болыс» термині ерекше басқару жүйесі екенін және басқару ісін ұйымдастыру барысында маңызды айырмашылықтардың болғандығын түсінуге мүмкіндік берді.

Екінші ғылыми нәтиже жаңа. Қазақстан территориясында болыстық басқармалардың құрылу кезеңдері мен ерекшеліктерін салыстыру арқылы, айырмашылықтары анықталды.

Үшінші ғылыми нәтиже жаңа. Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша ережеге (1868),Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы жарғыға (1867), Дала жарғысына (1891) сәйкес болыстық билеушілердің сайлану тәртібі қаралады. Сайлау барысындағы жүзеге асырылған елуліктерді анықтау, сайлау қағаздарын дайындау, уезд басшысының және әскери губернатордың рөлін анықтайтын болыстық съезд материалдарынан байқағанымыз ресейлік сайлау жүйесінің көшпелі қазақ қоғамына еніп бастағандығын көрсетеді.

Төртінші ғылыми нәтиже жартылай жаңа. Қазақ даласындағы болыстық билеушілердің қызмет атқару мерзімі және іс-қағаздарды жүргізудің реттілігі айқындалып, болыстық билеушілердің тағайындалу механизмі мен қоғамдық лауазымды қызметке тағайындалу талаптары анықталған.

Бесінші ғылыми нәтиже жартылай жаңа. Қазақтан шыққан ақын-жыраулардың шығармаларындағы көрінісі дереккөзі ретінде пайдаланылды.

Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі болыстық билеушілердің функционалдық қызметін атқарудағы негізгі позициясы айқындалған.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Б.У. Маликовтың диссертациясы аяқталған, ғылыми тұжырымдары жаңа, дәйекті зерттеу болып табылады. Диссертацияның құрылымы тарих ғылымдарының талаптарына сәйкес, бір-бірімен сабақтас мәселелерді талдауға, әрі тақырыптың мазмұнын ашуға, диссертанттың алдына қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізу үшін негізінен ұтымды жасалған. Зерттеу жұмысының мазмұндық және логикалық бірлігі сақталған, мақсаттары мен міндеттері айқындалып, жүйелі түрде шешім тапқан. Алынған нәтижелері мен жасалған қорытындыларын теориялық және методологиялық тұрғыда

терең пәнаралық байланыстар тоғысындағы зерттеудің ғылыми нәтижелері деп есептеуге толық негіз бар.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталғандығы

Б.У. Маликовтың диссертациялық жұмысында қол жеткізілген ой тұжырымдар әлеуметтік тарих бағытын қарастыратын зерттеулерге, өлкетану бойынша жаңашыл бағыттағы зерттеулер жүргізуге өз үлесін қоса алады.

Жастар арасында патриоттық сезімді дамытуға, «Туған жер» бағдарламасы аясындағы оқу-тәрбие шараларын жүргізуге қосар үлесі зор. Сонымен қатар еңбекті жоғары оқу орындарында элективті курстар, тарих мамандықтарында Қазақстан тарихы мен Өлкетану пәндері бойынша дәріс және семианр сабақтарында қолдануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Б.У.Маликовтың диссертациялық жұмысының негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы апробациямен дәлелденген. Олардың ішінде 4 мақала ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміне енген ғылыми басылымдарында, 7 мақала халықаралық конференция материалдарының жинағында, 1 мақала Scopus базасына кіретін журналдарда жарияланған.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертациялық жұмыстың жоғарыда аталған жетістіктерімен қатар оған ұсыныстарды да атай кетсек:

Біріншіден, 1916 жылғы ұлт азаттық көтеріліс барысындағы болыстық билеушілердің бейнесін, ішкі жан-дүниесін ашып көрсететін деректер көбірек қоданылғанда, жұмыстың мазмұны байи түсер еді.

Екіншіден, зерттеу әлеуметтік тарих бағытында жазылғандықтан аталған тарихи кезеңдегі қарапайым халықтың өмірін, билік өкілдеріне деген қарым-қатынасын барынша аша түскенде зерттеу жұмысының құндылығы арта түсер еді. Дегенмен жоғарыда көрсетілген сын-ескертпелер қорғауға ұсынылып отырған жұмыстың мазмұнына, оның ғылыми маңыздылығы мен құндылығына нұқсан келтірмейді.

9. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Б.У. Маликовтың диссертациялық жұмысында қаралған мәселелер тарихи деректер негізінде талданған. Ізденуші алдына қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізе алған. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалықтары отандық тарих ғылымына қосылған жаңалық болып табылады. Сондықтан, Маликов Бахытжан Усеновичтің «Қазақ даласындағы болыстық билеушілер институты: қалыптасуы, қызметі, құрылымы (XIX ғасырдың екінші жартысы –XX ғасырдың басы)» атты диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласмындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесінің 2

бөлімінің талаптарына толық сай келеді, сондықтан жұмыс авторы Б.У.Маликов «6D02030- Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент: **Л. А. Бисембаева**
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, PhD доктор

«25» желтоқсан 2019 ж.